

«Ежелгі Грек философиясының мектептері.

**Қазақстан тарихы және әлеуметтік – саяси пәндер кафедрасының
аға оқытушысы: Нұрмаханова Н.Ж**

МАҚСАТЫ:

- Студенттер осы дәрісті игергеннен кейін көне Грек философиясының қалыптасуы мен дамуының мәдени - әлеуметтік контекстін, Грек мифологиясының әсерімен философияның өзіндік анықтыалуын және мифтен айрмашылығын білуге тиісті. Сондай – ақ философиялық ізденістердің эпистемологиялық бет бұрысын түсінуге қабілетті болады. Сонымен қатар Сократтың, Платонның, Аристотельдің философиялық ой – пікірлерін егжей – тегжей менгеруге, игеруге, тиісті.

ЖОСПАР:

1. Көне Грек философиясының қалыптасуы мен дамуының мәдени - әлеуметтік контексті
2. Грек философиясы генезисіне мифологияның әсері, философияның өзіндік анықтыалуы және мифтен ажыратылуы
3. Философиялық ізденістердің эпистемологиялық бет бұрысы.
4. Көне Грек философиясының әрі қарай дамуындағы: Софистер мен Сократтың рөлі, Платонның білім және құзырлылық мәселесін қойуының іргелілік сипаты, Аристотель философиясы антикалық мәдениет энциклопедиясы қарқында

Пифагорлік одақтың даму кезеңдері

№	Кезеңдері	Уақыты	Негізгі өкілдері
1	Алғашқы	Б.з.д VI-IV ғ аралығында	Гиппас, Алкмое
2	Орта (эллиндік)	Б.з.д IV-I ғ аралығында	Филолай
3	Кейінгі (неопифагоризм)	Б.з.д I-III ғ аралығында	Нумений

№ 2 Мәселелік сұрақ

Пифагорлік Одаққа азат адамдар (ер адам болсын, әйел адам болсын- айырмашылығы жоқ) бірақ көп жылдық дайындық пен тексеруді (соның ішінде үнсіздік тексеруінен) сәтті өткендер ғана қабылданған. Пифагорліктердің мүлкі ортақ саналып адам бойындағы құштарлық пен нәпсіге жол бермеу мақсатында өмірсалттық, талғамдық шектеулер қатаң сақталған (ішімдік ішпеу, ет жемеу т.б). Достықты пифогорліктер бәрінен жоғары санаған. Психотренингке көп уақыт бөліп, ақыл-ес қабілеттерін дамытуға, ғылыммен шұғылдануға үлкен мән берген. Сіз пифогорлік одаққа мүше бола аласыз ба? Егер ия десеңіз немесе жоқ десеңіз оны дәйекті түрде түсіндіріңіз.

Ежелгі грек философиялық мектептері мен бағыттары:

	Мектеп, бағыт	Өкілдері
1	Милет мектебі	Фалес, Анаксимен, Анаксимандр
2	Пифагорейлік мектеп	Пифагор және оның шәкірттері
3	Элейлік мектеп	Ксенофан, Парменид, Зенон, Мелисс
4	Атомистер мектебі	Левкипп, Демокрит
5	Софистер мектебі	Протагор, Горгий, Гиппий, Продик
6	Платондық мектеп немесе академия	Платон және оның шәкірттері

Ежелгі грек философиялық мектептері мен бағыттары:

	Мектеп, бағыт	Өкілдері
7	Аристотель немесе Ликей мектебі	Аристотель және перипатетиктер: Теофраст, Аристоксен, Дикеарх, Стратон
8	Эпикурлік мектеп	Эпикур, Метродор, Гермарх, Лукреций Кар
9	Киниктер мектебі	Антисфен, Диоген
10	Стойлықтар мектебі	Зенон, Клеанф, Хрисипп, Сенека, Эпиктет, Марк Аврелий
11	Скептиктер мектебі	Пиррон, Секст Эмпирик, Энесидем
12	Эклектиктер мектебі	Филон, Антиох, Боэций, Посидоний, Цицерон
13	Неоплатондық мектеп	Саккас, Плотин, Порфирий, Ямвлих, Прокл

№ 1 мәселелік сұрақ Стоиктердің ғылым туралы ойы мынадай:

Логика адасушылыққа жол бермей, философқа лайық білім беріп, ойлауға үйретеді, сондықтан логиканы білу қажет. Ал табиғатқа сәйкес өмір сүру үшін физиканы білу қажет. Этика бізді адамға лайықты тәртіпке үйретеді, сондықтан ол жоғарғы ғылым. Осы тұжырымдама қаншалықты ақиқат? Сіз онымен келісесіз бе?


Стоиктер ғылымды жұмыртқамен немесе бақшамен салыстыра отырып, барлық ғылымдарды үшке: логикаға, физикаға(натурфилософияға) және этикаға бөледі.

Стоицизм философиясындағы ғылымдар классификациясы:

Логика

Физика

Этика



Логика- бақшаның қақпасы, ал оның ағашы- физика, ағаштардағы жеміс – этика. Немесе, жұмыртқаның қабығы- логика, жұмыртқаның ағы-физика, сарысы- этика

Әдебиеттер:

- **Негізгі**

- 1. Әбішев Қ. «Философия» Алматы-2001.
- 2. Бегалинова К.К., Альжанова І.К. «Философия » Алматы-2003.
- 3. Кішібеков Д.К. ,Сыдыков Ұ. «Философия » Алматы-2010.
- 4. С.Мырзалы Философия –Алматы, 2009.

- **Қосымша:**

- 1.Мардашвили К.К. «Как я понимаю философию» М- 1990
- 2.Спиркин А.Г. «Философия»
- 3.Кохановский Л.В. учебник для Вузов Ростов н-Д:Феникс 1998

Бақылауға арналған сұрақтар (кері байланыс):

- Ежелгі Грек философиясындағы дүниетанымдық нұсқамаларды атаңыз?
- Грек философиясының Сократқа дейінгі және Сократтан кейінгі кезеңдерінің негізгі философиялық мәселелері туралы не айтасыз?
- Эллинизм дәуірінің философиясы: Скептицизм, Эпикуршілдер, Стоялықтардың өзіндік ерекшеліктері және бір-бірімен байланысы.
- Неоплатонизм ілімін қалай түсінесіз?



Назар аударғандарыңызға рахмет!!!